



@uaqyt.kz

УАҚЫТ

БІЛІМ МЕН РУХАНИЯТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ


Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кітапхана жұмысын жандандыру мен кітап оқу мәдениетін арттыруға көп көңіл бөліп келеді. ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 18 қазан № 833 қаулысымен «24 қазан – Кітапханашылар күні» болып ресми түрде бекітілді. Сонымен қатар Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «23 Сәуір – Ұлттық кітап күні» деп белгіледі. Еліміздегі кітапхана саласында қызмет етіп жүрген барша мамандар үшін жағымды жаңалық болды. Көп жылдар бойы елене бермейтін, бірақ аса маңызды рухани еңбекті атқарып жүрген кітапханашылардың еңбегінің мойындалуы деп білеміз.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларын тапқылаудан бастап, сан түрлі ізгілікті де игілікті іс-шаралар атқарылу үстінде. Әрине, мұның бәрі біздегі 30 мыңға жуық студенттің терең білім алып, болашақта білікті маман болып шығуына оң ықпал етері анық. Ақпараттық білім беру орталығының қызметкерлері оқырман қауымға газет-журнал, кітап беру, электронды дерек қорлар қызметін ұсыну, семинар-тренингтер, конференциялар өткізумен ғана шектеліп қалмайды. Ақын-жазушылардың мерейтойлары, «дөңгелек үстел» мәжілістерін, сан алуан іс-шаралар, танымдық бейнероликтер, кітап көрмелерін жиі-жиі ұйымдастырып тұрады. Сонымен қатар «Кітап қорын қалыптастыру», «Библиография», «Құжаттарды жүйелеу және ғылыми өңдеу» бөлімдері де жұмыс жасайды. Бұл бөлімдер кітапты сатып алу, іріктеу, жүйелеу, кітаптар мен дереккөздердің тізімін жинақтау, тіркеу және электронды базаға енгізу жұмыстарын жүргізіп, оқырманға сапалы қызмет етуді мақсат етеді.

Екі миллионнан астам кітап қоры бар Ақпараттық білім беру орталығында Нұртас Ондасынов атындағы ғылыми оқу залы, «Open access» стилінде жасақталған Мұрат Жұрынов атындағы және де Асма Қалыбекова атындағы ғылыми оқу залдары бар. Біздің кітапхана ұжымы мұнымен шектеліп

қалмай, басшылықтың қолдауымен әрбір оқу корпусындағы оқу залдары мен абонементтерін жаңаша стильде оқырман қауымға ыңғайлы етіп өзгертіп отырады. Қазіргі таңда Ақпараттық білім беру орталығының директоры Индира Қобланқызы Саурбаева басшылық қызметті абыроймен атқарып келеді. Іскерлік қабілетінің нәтижесінде кітапхана жұмысында он өзгерістер байқалады. Ұжымның кәсіби дамуына көңіл бөлініп, жұмыс үдерісі жүйелі ұйымдастырылуда. Өркениет көшіне ілесу – біздің басты мақсатымыз!

Кітапхана дегенде көпшіліктің көз алдына тыныш бөлме, тізіліп тұратын кітаптар, үстелде көзілдірік тағып отыратын кісі елестейді. Жай ғана кітап беріп, оны қайта қабылдап отыратын адам деп қана қабылдайды. Бірақ шындығына келгенде, бұл көзқарастың артында қаншама бейнет, қаншама білім, қаншама төзім мен тынымсыз еңбек жатқанын біреу білсе, біреу білмейді. Кітапханашылар ауыр-ауыр кітаптарды тасып, сөреден сөреге тізіп қоятын, қажет кезде жиһазды да көтеріп, кітапхананың ішін ретке келтіретін, физикалық тұрғыдан да аянбай еңбек ететін жанкешті жандар. Қаншама нәзік жанды арулар жүздеген, кейде мыңдаған кітаптарды тасып, көзге көрінбейтін, елеусіз жұмыстарды атқарып жүр. Қайда болмасын, іс-шара өтетін болса, кітапханашы дайын тұрады. Шаң-шаң болған



киімін бірден классикалық киімге ауыстырып, қонақты қарсы алып, төрден сөз сөйлеп шыға келеді. Осыншама еңбектің артында – қаншама дайындықтар, қаншама жүйкенің тозатынын көп адам байқамайды. Кітапхананың ішінде бірнеше тілді меңгерген, ғылым мен әдебиет, тарихты бес саусақтай білетін зерделі тұлғалар жұмыс жасайды.

Кітапханашының еңбегі – бір күндік науқан емес, ұрпақ тәрбиесіне бағытталған мәңгілік миссия.

Өзге салалардың өкілдері секілді кітапханашылар қауымына да жүктелер жауапкершілік көп. Жоғары оқу орнындағы профессор-оқытушылармен қатар біз де студенттердің жүйелі білім алып, келешекте білікті маман болып шығуына мүдделіміз. Осыны терең сезінген ұйымшыл ұжымымыз алдағы кезде де өз жұмысымызды жүйелі жүргізіп, өскелең талап биігінен көріне беретін боламыз.

Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
зерттеу университеті
Ақпараттық білім беру орталығының
кітапханашысы, педагогика
ғылымдарының магистрі.
Шымкент қаласы.